

"Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № ҚР ДСМ-54/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 мамырда № 20691 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 96) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15473 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 тамызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында Жедел медициналық көмек көрсету қағидаларында:

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) жедел медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "103" нөміріне қоңырау соғады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізеді.

4. Азаматтардың денсаулық жағдайы бұзылған кезде ЖМКС диспетчері "103" пультінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шақыруларды қабылдау, өңдеу және беру алгоритміне сәйкес барлық шақыртуларды қабылдайды. Шақыртуларға

жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізілетін, ЖМК диспетчері шақыртуды алған сәттен бастап қызмет көрсету үшін ЖМК бригадасына бергенге дейін шақыртуды өңдеу уақыты бес минутты құрайды.

5. Жедел медициналық көмекті құрамы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалған фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалар көрсетеді."

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. ЖМКС диспетчері қабылдаған шақыртулар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 4 (төрт) жеделділік санатына бөлінеді:

1) 1 (бірінші) жеделділік санатындағы шақырту - өміріне тікелей қауіп төндіретін, жедел медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттің жай-күйі;

2) 2 (екінші) жеделділік санатындағы шақырту - өміріне медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

3) 3 (үшінші) жеделділік санатындағы шақырту - денсаулығына медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

4) 4 (төртінші) жеделділік санатындағы шақырту - жіті ауруынан немесе созылмалы ауруының асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларынсыз пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және әлеуетті қауіп төндірмейтін пациенттің жай-күйі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалардың ЖМКС диспетчерінен шақыртуды қабылдаған сәттен бастап, пациенттің тұрған жеріне дейін жету уақыты:

1-жеделділік санаты - он минутқа дейінгі;

2-жеделділік санаты - он бес минутқа дейінгі;

3-жеделділік санаты - отыз минутқа дейінгі;

4-жеделділік санаты - алпыс минутқа дейінгі уақытты құрайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі деңгейінде қызмет көрсетіледі. Жиырма мың адамнан кем тіркелген халқы бар МСАК ұйымдарында 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға қызмет көрсету "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-қосымшасының 15-тармағына сәйкес осы қызметті жедел медициналық көмек көрсетуге лицензиясы бар медициналық ұйымдарға немесе денсаулық сақтау субъектілеріне аутсорсингке беру арқылы жол беріледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Пациент ауырған және пациенттің үйіне учаскелік дәрігердің белсенді баруы қажет болған жағдайда, ЖМКС немесе МСАК жанындағы ЖМК бригадасының фельдшері немесе дәрігері МСАК ұйымына ақпаратты (активті) ұсынады және "

Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - № 907 бұйрық) № 110-1/е нысаны бойынша дабыл парағын толтырады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Жедел медициналық көмек көрсететін стационардың қабылдау бөлімшесі жұмысын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ұйымдастырады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Бірінші топтың пациенттері қарқынды терапия палатасына келіп түседі, мұнда реаниматолог жедел медициналық жәрдем мамандары жүргізген реанимациялық көмек көрсетуді жалғастырады. Шұғыл операция жасалған жағдайда реаниматолог жалпы наркозды, өңірлік анестезияны, қабылдау бөлімшесінің операция бөлімінің жағдайында жергілікті анестезия жүргізеді, одан әрі пациенттің оянуы үшін анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелеріне тасымалдайды.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Облыстық ЖМКС құрылымына білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық автокөлікпен тасымалдауға байланысты ЖМК және медициналық көмек көрсететін ЖМК станциясы, ЖМК кіші станциялары, ЖМК аудандық бөлімшелері және санитариялық авиация бөлімшелері кіреді. Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМКС құрылымына ЖМК станциясы және ЖМК кіші станциясы кіреді .";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖМКС осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында ЖМКС мамандары мобильді камералармен жарактандырылады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. ЖМКС және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелерінің мамандары: "Базалық реанимация" - Basic Life Support (BLS), "Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы" - Advanced Cardiac Life Support (ACLS), "Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы" - Pediatric Advanced Life Support (PALS), "Жарақаттар кезінде емдеуге дейінгі кезеңде медициналық көмек көрсету" - Prehospital Trauma Life Support (PHTLS), "Неонаталдық реанимация" - Neonatal Resuscitation Program (NRP) жедел және кезек күттірмейтін көмек көрсетудің халықаралық танылған стандарттары бойынша оқытудан өтеді. Практикалық дағдыларды пысықтау мақсатында шұғыл медициналық

көмек көрсету жөніндегі облыстық және қалалық жедел медициналық көмек станциялардың мамандары облыстық және қалалық ЖМКС базасында симуляциялық кабинеттер ұйымдастырады.

Симуляциялық кабинет оқу-көрнекі құралдармен, пән бойынша практикалық сабақтарға арналған құрылғылармен және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес симуляциялық жабдықтардың ең төменгі тізбесімен жарақталады.";

мынадай мазмұндағы 52, 53, 54, 55, 56, 57-тармақтармен толықтырылсын:

"52. ЖМКС және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелерінің мамандарын оқыту тиісті стандарттар бойынша ресми оқу материалдарын пайдалана отырып, халықаралық деңгейдегі сертификаты бар нұсқаушыларды және (немесе) жаттықтырушыларды тарта отырып жүргізіледі. Оқудан өткен мамандар осы стандарттарды әзірлейтін халықаралық ұйым базасында тіркеу нөмірін бере отырып, халықаралық танылған сертификаттарды алады.

53. Көшпелі бригадалардың жүргізушілері және кіші медицина персоналдары халықаралық стандарттарға сәйкес әрбір екі жыл сайын тиісті сертификат ала отырып базалық реанимация және алғашқы көмек көрсету - Basic Life Support (BLS) дағдыларына оқытудан өтеді. Көшпелі бригадалардың жүргізушілері қосымша қауіпсіз жүргізу бойынша оқытудан өтеді.

54. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ЖМК көрсететін медициналық ұйымдардың санитариялық автокөліктерінде "103", "Скорая медицинская помощь", "Медициналық жедел жәрдем", "Medisinalyq jedel járdem" және "Ambulance" жазулары бар.

55. Түсті-графикалық схемалар, тану белгілері, жазулар, арнайы жарық және дыбыс дабылдары мемлекеттік заңды тұлғаларға жататын және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау субъектілерінің ЖМК санитариялық автокөлігіне салынады.

56. Қалалық автокөлік қозғалысы анағұрлым көбейген уақытта жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ЖМК қосымша бригадаларының кезекшілігі ұйымдастырылады. Қоғамдық іс-шараларды өткізу және өзге де жағдайлар кезінде халыққа қызмет көрсету үшін кезекшілік шарт негізде жүзеге асырылады.

57. ЖМК бригадасы дәрілік заттарға рецепт жазбай, уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы парақтарды бермей, қайтыс болу фактісін куәландыруды жүргізбей және қайтыс болу туралы қорытынды бермей шақыруға қызмет көрсетеді.";

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

"3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

58. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану қызметті берушінің басшысының атына, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының www.emcrk.kz интернет-ресурсына немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі -Министрлік) www.dsm.gov.kz интернет-ресурсына, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер Үйі, № 5 кіреберіс мекенжайына шағым жасау жолымен жасалады.

Шағымның қабылданғанын растау оны қызметті берушінің, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының немесе Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін қызметті берушінің, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Қызмет берушінің мекенжайына келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды тіркеу күні оны қарау мерзіміне кірмейді. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

59. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қағидаларына
3-қосымша;

Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек

көрсету қағидаларына
4-қосымша;

Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына 3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қағидаларына
5-қосымша;

Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына 4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қағидаларына
6-қосымша;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын;
осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

Е. Биртанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

2020 жылғы 21 мамырдағы
 № ҚР ДСМ-54/2020
 бұйрығына 1-қосымша
 Қазақстан Республикасында
 жедел медициналық көмек
 көрсету қағидаларына
 1-қосымша

"Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік қызмет стандарты

| | | |
|----|--|--|
| 1 | Қызмет берушінің атауы | Денсаулық сақтау субъектілері. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Денсаулық сақтау субъектілері. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Диспетчер шақыртуды алған сәттен бастап оны өңдеу уақыты бес минутты құрайды, оның ішінде шақыртудың жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізіледі. Жедел медициналық көмекті шақыртудың жеделділік санатының тізбесіне сәйкес диспетчерден шақыртуды алған сәттен бастап пациенттің тұрған жеріне дейін бригаданың келу уақыты (10 минуттан 60 минутқа дейін). |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Жедел медициналық көмек көрсету. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | Тәулік бойы |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер 1) пациенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жасы және жынысы; 2) пациенттің жай-күйі бойынша деректер және жазатайым оқиғаның, жарақаттанудың немесе аурудың мән-жайлары; 3) мекенжайы мен телефоны, сондай-ақ пациенттің орналасқан жеріне жол жүру жөніндегі болжамды деректер. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Көзделмеген. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Денсаулық жай-күйінің бұзылуы жағдайында азаматтардың барлық шақыртулары "103" нөмірі бойынша қабылданады. |

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрі
 2020 жылғы 21 мамырдағы
 № ҚР ДСМ-54/2020
 бұйрығына 2-қосымша

Шақыртуларды қабылдау, өңдеу және беру жөніндегі алгоритм

1. "103" пультіне шақырту түседі.
2. Тұтқаны диспетчер көтереді, ол:
 - 1) қысқаша сәлемдеседі (өзінің қызметтік нөмірін, болмаған жағдайда - өзінің тегін айтады);
 - 2) шақыртудың нақты мекенжайын және байланыс телефонын айқындайды;
 - 3) көшедегі пациентке шақырылған жағдайда жалпыға белгілі бағдарларды (көшелер қиылысы, әкімшілік ғимараттар) нақтылайды;
 - 4) байланыс телефонымен (қала, ұялы) жедел көмекті шақырушының деректерін нақтылайды;
 - 5) шақырушыға сауал қояды: пациенттің жай-күйі және ауру жағдайлары немесе жазатайым оқиға жағдайлары туралы қысқаша деректер;
 - 6) егер шақырушыға пациенттің немесе зардап шегушінің төлқұжат деректері белгісіз болса, оның жынысын, шамамен жасын көрсетеді;
 - 7) шақырту себебін айқындайды;
 - 8) шақыртуды жазып, шақырушыға шақыртуды қабылдау уақытын және екінші рет өзінің қызмет нөмірін, Т.А.Ә (болған кезде) хабарлайды.
3. Диспетчер шақыртуды қабылдағаннан кейін шақырушыға мынадай нұсқаулар береді:
 - 1) ЖМК бригадасына пациентке немесе зардап шегушіге кедергісіз жол жүру және қолжетімділікті қамтамасыз ету;
 - 2) ЖМК шақырылған бригадасын пәтерге (жеке секторға) кірер жерде немесе кіреберісте қарсы алуды ұйымдастыру;
 - 3) медициналық көмек көрсету және стационарға тасымалдау үшін қажетті жағдайлар жасау.
4. Шақыртуды қабылдағаннан кейін диспетчер қойылған сұрақтарға толық жауап алып, мекенжайды қайталайды және шақырушыға: "Сіздің шақыруыңыз қабылданды, күтіңіз", - деп жауап береді.
5. Жиналған ақпаратты диспетчер шақыртуларды АБЖ тіркейді, ол автоматты түрде уақыт хронометражын (шақыруларды қабылдау, беру және шақыртуға ЖМК бригадасының шығу уақыты), диспетчердің Т.А.Ә (болған кезде) жазып, шақыртудың реттік нөмірін белгілейді.
6. Диспетчер жедел жағдайды ескере отырып, жақын маңдағы бос ЖМК бригадасына дереу шақырту жібереді.

7. ЖМК-ның бос бригадалары болмаған кезде келіп түскен шақырту күтуге кейінге қалдырылады, содан кейін босаған ЖМК бригадасына беріледі.
8. 1 - 2-жеделділік санаттағы шақыртулар келіп түскен және ЖМК бос бригадасы болмаған кезде жеделділік санаты бойынша төмен шақырту жеделділік санаты бойынша жоғары шақыртуға қызмет көрсету үшін алынады (күту режиміне ауысады).
9. Шақыртуды кешіктірген жағдайда және шақырушының қайталап шақыртулары кезінде пациентті күтілетін кешігу немесе ЖМК/МСАК жанындағы ЖМК бригадасының шығуын күту туралы хабарлауға, ЖМК бригадасы келгенге дейін нұсқаулықтарды беруге міндетті.
10. Пациенттің өміріне қауіп төнетін жағдайлар кезінде диспетчер "Шақыртуды ұстап тұру" режиміне көшеді.
11. Шақыртуды қабылдау жөніндегі диспетчер шақыруды АБЖ бағдарламасында қоңырауды ұстап қалу кезеңі тіркелген негізгі картаның нөмірі көрсетілген қосымша консультация беру картасын жасайды.
12. Ең көп түсу кезеңінде шақырту келіп түскен кезде (сағат 18-00-ден 00-00-ге дейін) шақыртуға үздіксіз қызмет көрсетуді сақтау үшін диспетчер шақыртуларды ЖМК бригадасының шығу және келу уақытының нормативіне сәйкес аумақтық учаске бойынша оңтайлы бөлуді жүргізеді.
13. Компьютердегі электрондық нұсқадағы ақпаратты ЖМК диспетчерлік қызметінің басшылығы мен аға дәрігері бақылайды.
14. Шақырту ЖМК бригадасымен қызмет көрсетуге жатпайтын жағдайларда, диспетчер МСАК-ға жүгінуге кеңес береді немесе дәрігердің пациентке белсенді келуі үшін оның жұмыс сағатында МСАК ұйымына шақыртуды қайта жібереді. МСАК жұмыс уақытынан тыс диспетчер шақыртуды 4-жеделділік санаты ретінде анықтайды және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің бригадасына шақыру жібереді.
15. Егер шақырту өртпен, апатпен және (немесе) басқа да ТЖ байланысты болса (криминалдық сипатты қоса алғанда) диспетчер диспетчерлік қызметтің аға дәрігеріне, ЖМКС басшылығына (бекітілген хабарландыру сызбасы бойынша) және жедел қызметтерге ("101", "102", "104", "112") баяндауға міндетті.
16. Шақыртуды қабылдау кезінде диспетчер әдептілік ережелерін сақтай отырып, сыпайы түрде диалог жүргізеді, барынша мұқият болады, қажетті сұрақтарды нақты қояды және шақыртуды тіркеу картасын дұрыс толтыру үшін толық жауаптарға қол жеткізеді.
17. Диспетчер мен шақырушы арасындағы барлық телефон әңгімелері компьютерде электрондық жазба нұсқасында кемінде 2 жыл сақталады.
18. Компьютердегі электрондық нұсқадағы ақпаратты ЖМК диспетчерлік қызметінің бастығы мен аға дәрігері бақылайды.

2020 жылғы 21 мамырдағы
№ ҚР ДСМ-54/2020
бұйрығына 3-қосымша
Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қағидаларына
1-қосымша

Фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригаданың құрамы

1. Фельдшерлік бригаданың құрамына:

екі фельдшер
жүргізуші кіреді.

2. Мамандандырылған (дәрігерлік) бригаданың құрамына:

дәрігер;
фельдшер;
жүргізуші кіреді.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ ҚР ДСМ-54/2020
бұйрығына 4-қосымша
Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Жедел медициналық көмек бойынша шақыртулардың жеделділік санаттарының тізбесі

| Санаттың сипаттамасы | Коды | Шақыртудың себебі |
|---|------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1.1-жеделділік санаты (бригаданың келу уақыты 10 минутқа дейін) | | |
| | 1.1 | Есінен тану (кез-келген генез) |
| | 1.2 | Тыныс алуының тоқтауы |
| | 1.3 | Жүрек қызметінің тоқтауы |
| | 1.4 | Тыныс алу жолдарындағы бөгде дене |
| | 1.5 | Шок |
| | 1.6 | Құрысқақ |
| | 1.7 | Кеуде қуысындағы ауырсыну |
| | 1.8 | Парездер мен плегиялар (алғаш туындаған) |
| | 1.9 | Қан кетумен көптеген зақымданулар мен жарақаттар |
| | 1.10 | Қан кетумен жарақат |

| | | |
|--|------|--|
| Өміріне тікелей қауіп төнетін жедел медициналық көмекті талап ететін пациенттің жай-күйі | 1.11 | Қан кетумен окшауланған жарақат (бас, мойын) |
| | 1.12 | Ауқымды күйік пен үсік |
| | 1.13 | Жануарлар мен жәндіктердің тістеп (шағып) алуы (анафилаксиялық шоктың даму қаупі) |
| | 1.14 | Электрожарақат |
| | 1.15 | Қан құсу |
| | 1.16 | Асқынулары бар босанулар |
| | 1.17 | Бұдан әрі транспланттау үшін тіндерді (тіндердің бөліктерін), ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) тасымалдау |
| | 1.18 | Төтенше жағдайлар |
| 2- жеделділік санаты (бригаданың келу уақыты 15 минутқа дейін) | | |
| Өміріне әлеуетті қауіп төнетін медициналық көмекті қажет ететін пациенттің жай-күйі | 2.1 | Одан әрі жабырқаңқы жағдай үрдісі бар естің бұзылуы |
| | 2.2 | Сыртқы тыныс алудың айқын бұзылулары |
| | 2.3 | Жүрек ритмінің бұзылуы |
| | 2.4 | Гемодинамикасы тұрақсыз. Шок, асқынған криз дамуының жоғары қаупі |
| | 2.5 | 3 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдердегі 38° С жоғары температура |
| | 2.6 | Жоғары температура жағдайындағы бөртпе |
| | 2.7 | Қан кетумен окшауланған жарақат |
| | 2.8 | Улы заттармен улану |
| | 2.9 | Атипиялық аурулар (жіті коронарлық синдромға күдіктену) |
| | 2.10 | Жүкті әйелдердің бас ауруы |
| | 2.11 | Құсу + сусызданудың ауыр белгілерімен сұйық нәжіс |
| | 2.12 | Әртүрлі этиологиядағы психоз |
| 3- жеделділік санаты (бригаданың келу уақыты 30 минутқа дейін) | | |
| Денсаулығына әлеуетті қауіп төнетін медициналық көмекті қажет ететін пациенттің жай-күйі | 3.1 | Қан кетусіз окшауланған жарақат |
| | 3.2 | Іштің ауруы (қатты іш) |
| | 3.3 | Өз бетінше түспейтін жоғары температура |
| | 3.4 | Физиологиялық босанулар |
| | 3.5 | Жүкті әйелдердің іш ауруы (жүктілікті тоқтату қаупі) |
| | 3.6 | Балалардағы шектелген күйік пен ұсу. |
| 4- жеделділік санаты (бригаданың келу уақыты 60 минутқа дейін) | | |
| | | |

| | | |
|--|------|---|
| Науқастың өмірі мен денсаулығына тікелей қаупі жоқ жіті аурулардан немесе созылмалы аурулардың өршуінен туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен және айқын бұзылуларынсыз пациенттің жай-күйі | 4.1 | Жітіт аурулар немесе өмірге қауіптің айқын белгілерінсіз созылмалы аурулардың асқынуы |
| | 4.2 | Терінің және теріастының жіті қабынған және аллергиялық аурулары |
| | 4.3 | Жеңіл жарақаттар (терең емес жарақаттар, күйіктер, соғып алу, жара) |
| | 4.4 | Созылмалы аурулардың салдарынан ауырсыну синдромы |
| | 4.5 | Құсу + сусызданудың жеңіл белгілерімен сұйық нәжіс |
| | 4.6 | Жүкті әйелдердің құсуы (12 аптаға дейін) |
| | 4.7 | Несеп шығару жүйесі ағзаларының созылмалы ауруларынан туындаған несептің жіті жүрмей қалуы |
| | 4.8 | Қан аралас несеп |
| | 4.9 | Босанулардан, жасанды түсіктерден кейінгі қабыну аурулары |
| | 4.10 | Тыныс алу жолдарынан басқа бөгде денелер |
| | 4.11 | Медициналық-санитариялық алғашқы көмек немесе стационар жағдайларында медициналық манипуляцияларды жүргізуді талап ететін өзге де жағдайлар |
| | 4.12 | Жануарлар мен жәндіктердің тістеп (шағып) алуы |
| | 4.13 | Артериялық гипертензия (криздің асқынуынсыз) |

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ ҚР ДСМ-54/2020
бұйрығына 5-қосымша
Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қағидаларына
3-қосымша

"Жедел медициналық көмек көрсететін стационардың қабылдау бөлімшесінің қызметін ұйымдастыру"

1. Қабылдау бөлімшесі - пациенттерді шұғыл емдеуге жатқызуды жүзеге асырылатын медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Пациенттерді емдеуге жатқызу үшін бос кірме жолдар орнатылады және пациенттің медициналық көмек көрсетудің тиісті кезеңіне дейін қабылдау бөлімшесіне

еркін қол жеткізуі (жеткізуі) қамтамасыз етіледі (табалдырықтың болмауы, бос лифтілер, ашық есіктер

3. Бөлімшенің негізгі қызметтері:

тәуліктік режимде шұғыл медициналық көмек көрсету;

пациенттерге триаж-жүйе бойынша іріктеу жүргізу;

төтенше жағдайлар кезінде шұғыл қызметтермен байланысты ұстау және өзара іс-қимыл жасау;

пациенттердің жаппай түсуіне дайындықты қамтамасыз ету.

4. Қабылдау бөлімшесінің құрылымында:

1) тіркеу постары (тіркеу бөлімі - диспетчерлік);

2) пациенттерді байқауға арналған пост;

3) триаж жүйесі бойынша медициналық іріктеу нәтижелері ескерілген функционалдық сырғытқылары/кереуеттері бар қарау кабинеттері;

4) шұғыл операциялық араласуға арналған операциялық зал;

5) манипуляциялық бөлме;

6) науқастардың келіп түскен сәтінен бастап емдеуге жатқызуға көрсетілімдері және болжамды диагнозы анықталғанға дейін шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған қысқа мерзімді болу палаталары (диагностикалық палаталар);

7) қарқынды терапия палатасы(лары) (бұдан әрі - ҚТП);

8) зертханалық, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, эндоскопиялық диагностика жүргізуге арналған аймақтар;

9) амбулаториялық пациенттерді қарап-зерттеу аймағы;

10) инфекциялық ауруларға күмәнді адамдарға арналған изолятор ұйымдастырылады.

5. Қабылдау бөлімшесінде: іріктеу алаңы, сырғытқыларды орналастыруға арналған, еріп келген адамдардың пациентті күтуге арналған аймағы, қабылдау бөлімшесіне келіп түскен пациенттерді санитариялық өңдеу көзделеді.

6. Барлық қарап-тексеру аймақтары төсекаралық төбеге арналған шымылдықтар арқылы бір-бірінен бөлінген мобильдік функциялық сырғытқылармен/кереуеттермен жарактандырылуы тиіс. Сырғытқылардың/кереуеттердің жанында мобильдік диагностикалық жабдық орналасқан.

7. Қабылдау бөлімшесінде зерттеп-қараудың зертханалық әдістеріне арналған мобильдік, жылжымалы, портативтік аппараттар, шағын автоматтандырылған гематологиялық талдауыштар, пациенттің жанында палатада жедел түрде диагностикалау жүргізу үшін несептің автоматтандырылған талдауыштары пайдаланылады.

8. ҚТП реанимациялық көмек көрсету үшін функционалдық сырғытқылармен/кереуеттермен, қажетті дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен жабдықталған.

9. Шұғыл түрдегі операциялық араласуға арналған операциялық зал кез-келген күрделі шұғыл операцияны өткізуге арналған медициналық жабдықтармен, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен жабдықталады.

10. Тriage жүйесі бойынша медициналық іріктеуді жүргізу кезінде түстермен кодтау қолданылады. Іріктеу үшін қарап-тексеру, зерттеп-қарау, емдеу бойынша басымдыққа байланысты қызыл, сары және жасыл түстер қолданылады.

11. Зерттеп-қарауды талап етпейтін пациенттер жасыл аймаққа жіберіледі. Қабылдау бөлімінде зерттеп-қарау талап етілетін пациенттер сары аймаққа жіберіледі. Ауыр жағдайдағы пациенттер медициналық іріктеусіз және тіркеусіз тікелей қызыл аймаққа жіберіледі.

12. Қызыл аймақта алып жүретін адамдардың болуына рұқсат етілмейді.

13. Зерттеп-қарау және талдау үшін талап етілетін үлгілер (материалдар) пациенттің тұрған жерінде сары және қызыл аймақтарда алынады және персоналдың алып жүруімен тиісті бөлімшелерге жіберіледі.

14. Қабылдау бөлімінде биологиялық материалдарды пациенттердің және олардың жақындарының жеткізуіне жол берілмейді.

15. Егер пациент жүгінген немесе жеткізілген медициналық ұйымда шұғыл медициналық көмек көрсету үшін барлық ресурстар болса, пациент басқа медициналық ұйымға жіберілмейді.

16. Өміріне қауіп төну жай-күйі бар пациенттер басқа медициналық ұйымға тасымалдауға жатпайды.

17. Пациент жіберілетін медициналық ұйым пациентті қабылдау және емдеуді кідіріссіз бастау үшін қажетті шараларды қабылдайды.

18. Егер іріктеу нәтижесінде жұқпалы инфекциялар немесе жіті қауіпті инфекциялар фактісі анықталған жағдайда пациентті бақылау және шұғыл көмек көрсету үшін қабылдау бөлімшесінің басқа үй-жайларынан оқшауланған арнайы бокстарға орналастырылады.

